

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Сабыр Рақымов ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 4 сәуірдегі № 11 шешімі. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Сабыр Рақымов ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 12 маусымдағы № 13 шешімімен

**Ескерту: Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Сабыр Рақымов ауылдық округі әкімінің 12.06.2024 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 7 ) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазығұрт аудандық аумақтық инспекция басшысының 2024 жылғы 02 сәуірдегі № 02-05/103 ұсынысы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Сабыр Рақымов ауылдық округі Көкібел елді мекені А.Құралов көшесі № 98, 100, 102 және Жастар көшесі № 10, 11 тұрғын үйлердің аумағында бір бас иттің басынан құтыру ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы*

*С.Мейрбеков*